



9 сынып

Қазақ тілі мен әдебиеті

I. Есенберлин

Көшпенділер трилогиясы

Жаңа сөздер

Отарлауға қарсы	Против колонизации
Ұлт-азаттық қозғалысының көсемі	Предводитель национально-освободительной борьбы
Көтеріліс	восстание
Үрім-бұтақ	Ветвь, родня
Кең жауырынды	Широкоплечий
Жан беру	Отдать свою жизнь
Қыран көзді	Глаз орла
ұрпақ	поколение
Алғыс айту	благодарить
тыншылар	сыщики
Жақтастарының опасыздығы	Предательство сторонников



-
- «Қаһар» романы «Көшпенділер» трилогиясының үшінші кітабы. Қазақ жерін отарлауға қарсы шыққан Кенесары Қасымұлының ерлігі туралы роман. Кенесары Қасымұлы (1802–1847) – мемлекет қайраткері, әскери қолбасшы, ұлт-азаттық қозғалыстың көсемі. Кенесары хан парасатты әмірші, жаужүрек батыр, дипломат ретінде тарихта қалды.

1. Тапсырма. Мәтінді оқы.

-
- **«Қаһар» романынан үзінді/Отрывок из романа «Қаһар»**
- I – Кенесары көтерілісін түп тамырымен құрту жөнінде арнаулы соғыс жоспары жасалып жатыр, – деді Горчаков. Көп ұзамай қарулы күш те шығарылады. Қазақ даласы Кенесары қарақшыларынан тазартылады.
- II – Қазір Россия қазақ жеріне бауыр басып алған. Сенің ереуіліңе қарсы бес жүз, он мың солдат шығарып, бір айда құрту оған түк емес, – деді Жүсіп.
- Кенесары кең жауырынды, арықтау тарамыс денелі, ат жақты, сұр кісі болған. Сәл қызғылт тартқан қыран көзді, жуан балуан мойынды. Келтелеу қыр мұрынының астында шағын ғана мұрты бар. Қою шоқша сақалы сүп-сүйір. Қырағы көзі қарағанда, адамның ту сыртынан өткендей. Егер тұлғасына қарасаң, ішінде тұнып жатқан ұлы ақыл, бұлқынып сыртқа шыққысы келген жігер барын ұғасың. Кенет Кенесарының көзі жарқ етті.

- – Үн-түнсiз Россия патшасына мойынсынсам, үрiм-бұтағым не дейдi? Қазiр жеңiлiп ажал кұшуға бармын, бiрақ ұрпақтарымның алдында атымды адал сақтағым келедi.
- Жүсiп мырс-мырс күлдi.
- – Үш жүздiң басын қосып, қазағымды жеке мемлекет етемiн деген арманыңыз үшiн ұрпақтарыңыз алғыс айтады деп сенесiз бе?
- – Сенемiн. Сол үшiн жанымды беруге бармын. Менiң ерлiктерiме ұрпақтарым қарғыс айтады деп ойлайсың ба? Жүсiп ақырын күрсiндi.
- IV Кенесары осылай жау шебiнiң желкесiнде жүрiп, көп кешiкпей Наследница, Атаман станицаларын алды. Бiреулер оның күшiне сенiп, бiреулер қорыққанынан оған қосыла бастады. Тамыздың орта кезiнде Екатерина станицасын өртеп, жиырма шақты мылтықты олжа етiп, қазақтың кең даласының қойнына енiп жоғалып кеттi. «Еш жеңiлудi бiлмес тас жүрек батырдай, соңынан аңыз ертегiлер қалдырып, Кенесары тағы да ұстатпай кеттi», – деп артынан тарихшылар жазды. Тамыз айының аяқ кезiнде генерал-майор Жемчужников өзiнiң тыңшылары арқылы Кенесарының Мұғалжар тауына қарай көшкенiн естiдi.
- V Өз жақтастарының опасыздығынан Кенесары мен iнiсi Наурызбай батыр қолға түстi.

2.тапсырма. Кестеде берілген сұрақтарға оң жақта берілген жауап нұсқаларының ішінен дұрыс жауапты таңда, кестеге жаз/ На вопросы заданные в таблице выбери правильные ответы, данные справа и впиши их в таблицу.

«Қаһар» романынан оқыған үзінді бойынша өз ойыңды білдір/Выяви свою мысль по прочитанному отрывку романа «Қаһар».

Мәтін не туралы?

Кенесары кім үшін ерлік жасап басын өлімге тікті?

Кенесары ханның көтерілісіне қандай баға бересің?

□ Жауаптар/ответы

- Кенесары хан үш жүздің басын қосқысы келді. Ұлт-азаттық қозғалысын бастады. Жауына ұстатпай, қазақ даласын мекен етті.
- Кенесары ханның көтерілісі тарихта Ресей патшасының отарлау саясатына қарсы күрес ретінде қалды. Кенесары -тарихты тұлға, ұлт азаттығының қозғалысының көсемі.
- Кенесары ұрпақтарының тәуелсіз өмірі үшін күресті. Ұрпақтары үшін өлуге дайын болды. ұрпақтарының өзін айтып жүретініне сенімді.



Выполни задание в тетрадях.
Удачи!